



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



КҮМӘНДІ САЙЛАУ ҒАМ КҮДІКТІ ТЕРАКТ

«Әбігер әлем» айдарында апталық жаңалыққа шолу жасау дәстүр болатын. Бүгінгі мақалада сол үрдістен шегініп, ғаламдық БАҚ-та наурыз айында көп талқыланған үш оқиғаға назар аударғмыз келеді. Ол – Ресейдегі сайлау, «Крокус Сити Холл»-дағы теракт, Татарстандағы жарылыс. Байқағаныңыздай, бәрінің түйісетін тұсы Ресей қоғамы. Бізге маңыздысы не де сенің, аталған саяси оқиғалардан кейін Орталық Азиядағы еңбек миграциясы, халықаралық қатынас ауаны өзгерді. Бұл тұтас өңірдің экономикалық ғана емес, әлеуметтік сипаттың жаңа кейіпке енуіне итермелейтіндей. Сондықтан аталған тақырыптар аясында тәуелсіз БАҚ қандай пікірде екенін білу аса маңызды.

Сайлау сыры

Наурыз айының ортасында Ресейде сайлау өткен болатын. Айқын болжам шындыққа айналып, Владимир Путин президенттік өклетін қайта ұзартты. Бұл жолғы саяси додала айтарлықтай бәсеке болмайтын билген жұрт әу бастан Путиннің билігін нығайта түсетініне шүбә келтірмеген. Айтса айтқандай, ол 87,3 пайыз дауыс жинап, қайта ел басшысы атанды.



Ресейдегі сайлау секілді батыстағы БАҚ-тың да реакциясы күні бұрын белгілі еді. Адам құқығын аяққа таптаған озбыр диктаторды құстаналау идеясы жалғасып, ақпараттық соғыс асқына түскенін көрдік. Әсіресе, бесінші рет билікте қалған башынның келешек қаламы көп талқы тудырды. «Путинді тежеудің жалғыз жолы – сайлауда жеңілісін тілеу. Егер ол алтыншы рет билікке қайта келсе, оның басшылық еткен уақыты Екатерина II басқарған мерзімнен асып түспек. Бұл – әлемге қатер. Сондай-ақ Украинадағы әскери операцияны тоқтату қиынға соғады. Осы мақсатта батыс әскері бірлесе әрекет етіп, санкцияны күшейте түсуі шарт. Оған қоса НАТО шекарасындағы әскери әулетті арттыру, Украинаға көмек жіберу жүйелі жүргізілгенін қалаймыз», – деп жазды The New York Times.

Аталған басылым жариялаған мақалаларда әлеуметтік тенденцияларға жасалған талдау ерекше назар аударды. Себебі жалғыз Қазақстан ғана емес, ТМД елдеріндегі журналистика саласында ақпарат беру біржақты. Әрине, бейтараптық сақталады, оған талас жоқ. Айтпағым, тілшілер көтерілген мәселенің саяси, құқықтық тұсын зерттегенімен, әлеуметтік-қоғамдық концепцияларға жасалған талдау ерекше назар аударды. Әрине, бейтараптық сақталады, оған талас жоқ. Айтпағым, тілшілер көтерілген мәселенің саяси, құқықтық тұсын зерттегенімен, әлеуметтік-қоғамдық концепцияларға жасалған талдау ерекше назар аударды. Себебі жалғыз Қазақстан ғана емес, ТМД елдеріндегі журналистика саласында ақпарат беру біржақты. Әрине, бейтараптық сақталады, оған талас жоқ. Айтпағым, тілшілер көтерілген мәселенің саяси, құқықтық тұсын зерттегенімен, әлеуметтік-қоғамдық концепцияларға жасалған талдау ерекше назар аударды.

The Washington Post, The Economist, Le Monde басылымдарына келсек, олар сайлау науқаны кезінде ереуілді ақпараттандырып, азаматтарға құқықтық бағыт бағдар беруге тырысты. Әсіресе, жергілікті билікке қарсы ресейліктер қуғынға ұшырап, соңы қылмыстық жауапкершілікпен аяқталуы мүмкін екенін қайталаумен болды. «Путиннің соңғы сайлау нәтижесі 2018 жылғы көрсеткіштен асып тұр. Тіпті Беларусь Түркіменстан сайлауындағы көрсеткен деңгейден де артық. Бұған аймақтағы күрделі жағдай себеп болған секілді. Соғыс көп ресейліктің Путинді жақтауына әкеліп соқты. Бұл Кремль насихаттауы ең маңызды тұсы. Яғни олар Украинадағы қақтығысты батыс елдерімен байланыстырып, сұм әрекетін «дәстүрлі құндылық» пен «Ресей азаттығын» қорғау жолындағы экзистенциалды майданға айналдырды. Осылайша, президент 2036 жылға дейін ел билейтін болады», – деді Le Monde басылымы.

ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕНДЕ БАҒА АРЗАНДАДЫ, БАЗАРДА ШЕ?

Осы күні халық табысының жартысына жуығын азық-түлікке жұмсайды. Мұны «Picodi.com» сарапшылары жүргізген зерттеу нәтижесі көрсетіп отыр. Үкімет «Ұлт жобасы» секілді азық-түліктің өндіріс көлемін ұлғайтуға арналған жобаларды қолға алғанымен, нарық бағасының құбылуы халыққа қиын соғып, әсіресе әлеуметтік осал топтағы азаматтардың қалтасына салмақ салуда. Мәселенің шешімі неде? Аймақтағы азық-түлік қауіпсіздігін шешудің жолдары қандай?

Базарда:
90 теңге

Әлеуметтік
дүкенде:
30 теңге



Шіріген көкөністен шыққан шу

Өткен жылы Қызылорда қаласындағы коқыс полигонында шіріген көкөністің үйіліп жатқаны жайлы бейнежазба тарайды. Кейіннен тонналаған өнімнің «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ қоймасынан шыққаны белгілі болды. Жұрт бюджет қаражатына алынған азықтың рәсуэ болғанына қынжылып, бұл мәселе талай жазылды. Нәтижесінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сол кездегі басқарма төрағасы Самат Ерниязовты орнынан босатқаны да белгілі. – Кіе дегеннен қорықпайтын мына қылықтарыңызды ақтап алатын ешқандай сөз жоқ. Бұл әрекеттеріңізге наразы жұртқа не айтармызды білмей отырмыз. Мәселенің бұрыннан бар екенін біле тұра, қоймадағы өнімдерді басқа мақсатқа пайдалану жолдарын іздемеу, 126 тонна өнімді шірігенше ұстап отыру елдің жағдайына жаны ашитын адамның тірлігі емес. Базардағы бағаның күннен-күнге аспандап бара жатқанын біле тұра жүздеген тонна өнімді жарамсыз еткен тірліктеріңізге көз жұма қарай алмаймыз, – деген болатын аймақ басшысы. Міне, содан бері бұл корпорацияның жұмысы қалай жүруде? Биылғы өнімдерінің бағасы қанша?

Жуа арзандады

Баға демекші, расында «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ тұрақтандыру қорындағы бірқатар азық-түлік тауарларының бағасы төмендетілді. Арзандаған тауарлардың тізімінде жуа, қырыққабат, өсімдік майы, қарақұмық жармасы бар. Осы орайда 2 апта ішінде қоймалан жалпы көлемі 439 тонна азық-түлік өнімі сатылды. Оның ішінде 367,3 тонна пияз, 49,7 тонна картоп және 22 тонна сәбіз өңірлік тұрақтандыру қорынан әлеуметтік дүкендерге таратылды. – Маусымаралық кезеңнің аяқталуына орай 15 наурыздан бастап арзандаған тауарлардың тізіміне тоқталсақ, жуаның бағасы бұрын 50 теңге болса, бүгінде – 30 теңге. Ал қырыққабат 115 теңгеге арзандаған. Айтпағым, базардағы жуа бағасы бүгінде 80-120 теңге аралығында болса, бағаны тұрақтандыру мақсатында корпорация арқылы барлық аудандар мен қалада жуаны 30 теңгеден сату ұйымдастырылуда, – деді тұрақтандыру қоры басқармасының басшысы Мейрамбек Серікбай. Оған қоса басқарма басшысы тұрақтандыру қорындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін қаладағы 37 әлеуметтік дүкен мен 10 ірі сауда үйінен төмен бағада сатып алуға болатынын айтты.

БАЛЫҚ НЕГЕ АЗАЙДЫ?

Қалтанытескен нарық балықтың бағасына да жетті. Иә, иә, «қымбаттамаған не қалды?» деп, тиыннан теңге құрап отырған жұртшылық мұның танданарлық емес екенін айтатын шығар, бәлкім?! Әйтсе де қазір балықтың бағасы жылқы етінің бағасына жетіп қалды. Балық базарға барғандар өзіне керектің алған соң осылай ой түйіп жүр. Орташа бағасы – келісіне 1800-2000 теңге аралығында. Тіпті ел арасында 2300 теңгеден алғандар да бар. Дегенмен дейді саудагерлердің көпшілігі.

ТАСҚЫН СУДЫ ДА САТЫП АЛ ДЕП ЖАТЫР

Ең алдымен, біз қала орталығына балық қайдан келеді деген сауалға жауап іздедік. Иә, ел ішіндегі көлдерді иеленгендердің көпшілігі ауыл арасын аралап сатып жүр. Халық ойдағы бағаға су маржанына қол жеткізіп келеді. Тек ол жердегілер балық базарға көп келмейтінін айтады. Қалаға жақын ауылдардың бірінен көл иеленген Темірбек Қожанов балық тақырыбында құрмеуін таппай тұрған тұйықтарды көп екенін айтады. – Бұрын аймаққа бөлінетін экологиялық судан көлдерді тегін толтырып алатынбыз. Онысыз да егіннің уақытында көлге қарай тамшы да тамбайды. Су мәселесі өзекті болып тұрғанын бәріңіз білесіздер. Енді сол экологиялық тегін судың өзін бізге сатып ал деп жатыр. Мұны бір деп қойыңыз. Екіншіден, қазір балық аулауға қажетті құрал-жабдықтың бәрінің бағасы шарықтап кетті. Үшіншіден, қазір аулайтын балық та жоқ. Қолдан келгенін жасап көбейтіп жатырмыз. Ал төртіншіден, балық бағасы соншалықты қымбат деп айта алмаймын. Өзге елдермен салыстырғанда бізде әлдеқайда арзан, – дейді Темірбек Қожанов. 3-БЕТТЕ

Қазіргі кезде Солтүстік Арал теңізінің тартылу жағдайы өңір халқың қатты алаңдатып отыр. Кейінгі 12 жыл ішінде теңіз көлемі 8,5 млрд текше метрге азайған. Яғни үштен бірінен айырылды. Суы тартылған теңіздің орнынан көтерілген тұз бүкіл Орталық Азия елдеріне зиянын тигізетін экологиялық апатқа айналды. Салдарынан судың тұздылығы 8-ден 13 грамм/литрге артқан. Ал егер судың тұздылығы 15 грамм/литрге жетсе, балық жанпай қырыла бастайды. 2020-2021 жылдары Арал ауданының аумағында қуаңшылық белең алып, 95 пайыз жайылымға шөп шықпай, жауын-шашын мүлдем болмаған. Оның үстіне, теңізге Сырдария өзені арқылы құятын су көлемі күрт азайды.



© Астана ақпарат

УАДЕ

«БІЗГЕ АСФАЛЬТ КЕРЕК» дейді ақсуаттық тұрғындар

Редакциямызға Ақсуат ауылдық округінің Наурыз шағын ауданынан Қарымсақ Үсенбаев көшесі тұрғындарынан хат келді. Қоныстанғанына он жылдан асқан тұрғындар көшенің шаңы бұрқырап, жауын жауса батпақтан көз ашпайтынына наразы. Одан бөлек, мұнда көше жарығы мен аяқсу мәселесі де халықтың шымбайына батып тұр.



Күн өткен сайын көлемі ұлғайып, қоныстанушылар саны артып келе жатқан елді мекенде жол мәселесі алдыңғы орында тұр. Өйткені қысыр жылан қысылып өтетін жіңішке жолдарды көргенде әлі де саяжай қалпынан ажырамаған ба дерсің. Көше тұрғыны Өмірхан Пашкенов өтінішті аркалап, бірнеше әкімді «ауыстырғанын» айтады. – Біріншіден, жол мәселесі. Біздің он жағмыздан екі көше, сол жағмыздан екі көше асфальттанды. Ортада біз қалып қойдық. Неге? Бұрынғы әкім Мәмбетәлі Ақмырзаева осыдан үш жыл бұрын барып айтқанында, «сіздің көшеден аттап кеткен себебіміз, Ибрагим Исаның атындағы көшені асфальттау керек болып тұр. Исаның қонырау шалып жатыр» деп өзеге сілтеді. Ал біздің көшені келесі жылы асфальттау керек болған. Одан бері неше жыл өтті. Енді жана әкімге айтып жатырмыз. Оның қандай маман екенін осы мәселемізді шешердегі нәтижесіне қарап айтамыз, – дейді Ө.Пашкенов.



БАҒА БАҚЫЛАУДА

Қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің мамандары әр аптаның дүйсенбі күндері қала аумағында орналасқан негізгі ірі сауда үйлері мен онда ашылған әлеуметтік бұрыштардағы ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген 19 түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына мониторинг жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді.

– Мониторинг барысында азық-түлік тауарларының нарықтағы бағасында өзгерістер байқалған жағдайда оның себептері анықталып, мүмкіндігінше баға өсімі бойынша мәселені сол жерде тұрақтандыру қоры немесе оның әріптестері арқылы шешу жолдары қарастырылады. Айта кету керек, өнімдердің негізгі бөлігі өзге өңірлерден қымбат бағаммен жеткізілетіндіктен, ішкі нарыққа кері әсерін тигізуде.

Шекті сауда үстемесінің мөлшері өндірушінің босату бағасының немесе сатып алу бағасының 15%-ынан аспауға тиіс. ҚР Сауда қызметін реттеу туралы заңының 9-бабының 2-тармағының 1-бөлігіне сәйкес белгіленетін, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшері асып кеткен кезде ішкі сауда субъектісі заңға сәйкес жауап береді.

Осы ретте әр апта сайын қала аумағында орналасқан «Small», «Магнум», «Анвар», «Қызылорда», «Аль-Асад», «Радуга», «Астана», «Тұран», «Меркурий» «Мирас» сауда үйлері және шағын маркеттер мен үй жанындағы дүкендерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті баға мөндерінен 15%-дан артық жағдайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес, тиісті шара көретін туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кәсіпкерлік нысандарының өкілдеріне ресми хабарламалар тұрақты түрде таратылуда, – дейді бөлім басшысы Пахуадин Шамұратов.

Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағалары мониторингіне сәйкес баға өсімі байқалған сауда орындары жөнінде Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне ұсыныс жолданып отырады.

ЕҢ АРЗАН ДҮКЕН

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру – халық қамы. Осы ретте әлеуметтік дүкендердің септігі мол. Бұл дүкен халықтың қалтасын қақпай, тұрмысын түзеуге мүмкіндік беріп отыр. Осы мақсатта 19 түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік пен тұрақтандыру қорындағы өнімдер қалада орналасқан 37 әлеуметтік дүкенде және қосымша 17 ірі супермаркеттегі әлеуметтік бұрыштарда нарықтан төмен бағада сатылуда. Әлеуметтік дүкендердің 3-еуі ет бағытындағы дүкендер. Онда тек ет өнімдері сатылады.

Расында, осыдан бірнеше жыл бұрын көпшілік әлеуметтік дүкенге бас сұға бермейтін. Бастапқыда жұмысы дұрыс жолға қойылмады ма, әлде халық арасында түсіндірме жұмысы аз жүргізілді ме, әйтеуір әлеуметтік дүкенге деген көпшіліктің қозғалысы басқаша еді. Ал жобаның түпкі мақсаты – халықты тиімді бағада азық-түлікпен қамтамасыз ету. Кейінгі уақытта әлеуметтік дүкендер жұмысы жанданып, жұртшылық ондағы азық-түлік бағасының арзан екенін түсінді.

Бұл дүкенде азық-түлік бағалары нарықтан төмен бағада. Мәселен, нан – 65, қанттың келісі – 398, өсімдік майы – 350, картоп – 109, сәбіз – 100, жуа – 30, қырыққабат – 55, 1 сортты ұн – 135, қарақұмық жармасы – 230, күріш – 400, макарон – 200 теңгеден жоғары, сиыр еті – 2000, тауық еті – 980, жұмыртқа – 50, тұз – 40 теңгеден сатылуда.

Бағалары қалтаға қонымды. Саудалары да қызып тұр. Әлеуметтік дүкендердің біріндегі Айман есімді сатушысының айтуынша, дүкенге келушілер қатары көп. Қарапайым халықтың игілігі үшін ашылған дүкенге тұрғындар дән риза.

– Көбіне көпбалалы отбасылар келіп, қажеттерін сатып алады. Шыны керек, біздегі нан бағасы 65 теңгеден сатылуда. Мұның өзі үлкен жеңілдік. Өйткені өзге дүкендерде нан 90-100 теңгеден сатылып жатыр. Қазір бұрынғыдай емес, дүкенге келген тауарлар өтімді. Жұрттың көбі жұмыртқаны да бізден алады. Оған қоса, осы кезде жуаның саудасы қызып тұр. Себебі 30 теңгеге қазір ешнәрсе сатып ала алмайсың, – дейді дүкен сатушысы.

Басы 1-бетте

БАЗАР БАҒАСЫ ҚАЙДА БАРАДЫ?

Осы күні екі адамның басы қосыла қалса, базардағы бағаны базына қылып, қымбатшылыққа қынжылады. Өйткені «үйдің көңіл-күйді базардағы баға бұзып» тұр. Қысқасы, қалтаны қаққан нарық бағасы биліктің де, халықтың да ырқына бағынар емес.

Осыған орай халық көп жиналатын ескі базар мен біршама сауда орындарын аралап, бағаларды бағамдап, ондағы тұрғындармен тілдескенді жөн көрдік. Бүгінде қызылордалықтардың көпшілігі азық-түлікті ескі базар айналасындағы «Асқар», «Отырар» және «Ажар» секілді сауда орындарынан алады. Бірақ бұл жақтағы бағалар әртүрлі. Мәселен, ең маңызды деген азық-түлік түрлеріне тоқталсақ, сиыр етінің келісі – 2300-2400, жылқы еті – 2500 теңгеден жоғары. Картоп – 140-ден басталса, жуа – 90-120 теңге аралығында, сәбіз – 150-170, 25 келілік жоғары сортты ұн – 8000, 5 литрлік құнбағыс майы – 2500-3500 теңге аралығында сатылуда.

«Асқар» көтерме сауда дүкенінде халық қарасы өте көп екенін байқадық. Себебі бұл дүкенде баға тиімді, қалтаға қонымды. Ал сатушылардың айтуына қарасақ, соңғы жарты жылда күріш, қарақұмық, макарон өнімдері, тауық еті, жұмыртқа, құнбағыс майы, айран мен сүт және шайдың бағалары айтарлықтай өскен.

Баға күнімізде әр отбасы азық-түлікті қаптап сатып алатын да, көңілі жайланып жүретін. Қазір қаптап алатындар қатары мүлдем сиреп кеткенге ұқсайды. Себебі де белгілі. Өйткені екінің бірінші әлеуметтік, қаржылық жағдайы көтере бермейді. Сол себепті азық-түлікті қаптап емес, там-тұмдап алуға тура келеді.

БАҒА БАҒЫНБАЙ ТҮР

Халық сауда орталығы мен дүкен сөресіндегі бағаға тәуелді. Баға қымбаттаса, қайыры болар десе, бағаның арзандағанын көргенде қуанады. Бірақ бағаның өскенін көрсек те, төмендегенін көру қиындау. Әйтеуір, баға бұлданатын, ақша құнсызданып барады. Сауда орындарына бара қалсаңыз, баға қалтаны қағады. Бағаның ырық бермей келе жатқанына да сан мәрте шүйліксек те, нәтиже шығар емес. Бір сөзбен айтқанда, дәл қазір қолының майың мәсіне сүртіп отырған ешім жок. Бұл жайында қала тұрғындарының өздері айтсын.

– Өзім зейнеткермін. Апта сайын «Асқар» сауда дүкенінен және ескі базардан азық-түлік аламын. Басқа сауда орындарына бара қоймаймын. Себебі қалта көтермейді. Быыл жыл басынан бағаның өскені байқалады. Дегенмен жана жыл қарсаңында баға тіпті өсіп кетіп еді. Жалпы біз сияқты зейнеткерлер үшін азық-түлік бағасының арзан болғаны жақсы. Өйткені қымбатшылық қарапайым халыққа қиын болып тұр, – дейді қала тұрғыны Айтқұл Жамалбекова.

– Қазір арзан баға көрмедім. Бір жалақымен өмір сүретін біз сияқты адамдар үшін қымбатшылық қиынға соғуда. Мен жеке шаруашылықта жұмыс істеймін, темір қабылдап сатамыз. Айына 100-110 мың теңге жалақы аламын. Келіншегім үйде. Тапқан еңбегіміз азық-түлік апарамын. Үйде 7 адамбыз, 5 балам бар. Айына 100 мың теңгеге тамақ аламыз. Қанша ақша тапсақ та, жетпейді. Себебі бәрі қымбат. Бір шүкір ететіміз, несиеміз жок. Өйткенімен балалардың киімдері бар. Оларды қосымша үйірге де бергіміз келеді. Қаржы жетпейді. Сонда да болса үміт үзбейміз. Осы ұрпағымыздың несиебіне азық-түлік бағасы сәл де болса арзандаса деген тілек бар, – деген ойымен бөлісті Асқар Мұратбетов.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Иә, бағаның қашан тұрақтанатыны белгісіз. Ал өскен баға түспейді. Десе де тәубесі аузында, қанағаты көңілінде жүретін жұртшылық болашақтан үмітін үзбей, ертеңгі күннен жақсылық күтіп елегідеумен келеді. Бір байқағанымыз, көбі «бағасы, еліміз тыныш болса екен» деген сөзді жиі айтты. Рас, сайып келгенде, елдің тыныштығына, адамның амандығына ешнәрсе жетпейді.

Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ

Суреттер ашық дереккөздерден алынды



БАЛЫҚ НЕГЕ АЗАЙДЫ?

Балық қайда кетті?

Бұрын-ақ, 2000-жылдарға дейін ауылдағы ойын баласының өзі қаналдың тартылған суынан метрге жақын балықтарды олжалап жүретін. Балықты жақсы көріп, канал жағалағандардың қанжығасы қашанда майланып тұратын. Бергін келе балық жыл сайын азая бастады. Қазір тіпті көңілі балықшылардың да қапшығы бос қайтатын сәттері көп. Кәсіпкер мұның себебін де айтып берді.

– Бұрын балық каналдан көлге құятын. Егістік алқаптардың суы тартылған соң тіпті бірнеше ондаған көлікке дейін толтырып, көлге балық салатынбыз. Қазір көлдегі балық каналға қашатын дәурен туды. Өйткені сырттан сумен кеп жатқан балық жоқ. Мұны мен зерттеп келе жатқаным біраз уақыт болды. Қазір адамдар тек бүгінгі ғана ойлайды. Ертеңгі ойлайтын ешім жок, – деп мәселенің тереңіне бойлаған көл иеленуші алысқа көз тастаған күйі әңгімесін қайта жалғайды. – Балықты тоқпен ұрып алатындар, гарбит алатындар көбейді. Әрине, жай адам мұндай тірлікке бара бермейді. Мұндай қатыгездік жасаған адам түбі жақсы болмайды. Балаларымыз ау құрамыз. Сол ауға кейде бір айға дейін балық түспей қалады. Күндердің күнінде әйтеуір, несиебімізге балық ілінгенде балаларым дереу түскен балықтың құярығына қарайды. Егер құярығы күйсе, тоққа түсті деген сөз. Ал тоққа түскен балықтың көлде қалғаны ұрық шашу қабілетінен айырылады. Сонда мұндай қадам арқылы балықты жоюға жұмыс істеп жатқандар бар. Енді олар тек бүгінгі өмір сүріп жатыр дегеннен басқа не айта аламыз?

Көлден бассейнге ауысатын болдық

Бүгінде өңірде балық азайды деген пікірлерді көп естіміз. Балықшылар да мұны растап отыр. Су мәселесі қылаң бергенде су маражанының да түйткіліге айналатыны анық. Темірбек Қожанов бұл ретте бассейнде салып, балықты үйде өсіруге көшкелі жатыр екен.

– Балық бағытындағы келергілерді көре отырып, қазір біз де бассейн арқылы бағуды ойлап жүрміз. Кейде «балық неге қымбат, жылқы етімен бірдей болыпты» деген сөздерді естіп қаламыз ғой. Міне, үйде бассейнде баққанда дәл солай, бидай, басқа да керек жем-шөбін аласың. Міне, бақпаған нең қалды? Өйтпесе көлденең келген көк атты көлге тоқ салып, гарбит атып, алатынын алып, қалғанын ұлап құр бекерге ысырап етіп қалдырады. Бұл адамшылыққа жатпайды, – Т. Қожанов.

Иә, қып-қызыл шығынға ұшырап, кәсіптен нәсіп таппай отырғандар тығырықтан шығар жолды осылай іздеп келеді. Бұл да мәселені онтайлы шешудің бір жолы шығар...

Балық базарға балық қайдан келеді?

– Апай, балық қаншадан?
– Келісі 1800-ден. Келе ғой, өлшейін.

Сатушы апай алдына сарбаздардай сап құрған сары сазандардың бірін алды да, таразыға қоя салды. Мұнысы шынтактай ғана сазан, таразыда 3 келден аса салмақты бір-ақ көрсетті. Ойша есептеп тұрмын.

Басы 1-бетте

– Балам, 5400 болады екен. Бес мыңға ала ғой, – деп сары сазанды сары қалтаға сүңгітіп жіберді.

Баға бәрінде бірдей. Көлемі де құлдың бір зауыттан өлшеп беріп жатқандай. «Қазалының балығы» деген ападың бірауыз сөзіне сендім де алып кете бардым. Сыртта мен секілді балық алып шығып бара жатқан келушіні әңгімеге тарттым. Орта жастағы жігіт ағасы екен.

– Иә, қашан келсең де жана ғана әкелдік, Қазалының балығы деп ұсынып жатады. Бірақ сатушының мұраты сату ғой. Өзім бұл жақтың балығы екенін біліп тұрсам да аламын. Көп алмаймын ғой. Осы қаланың іргесіндегі ауылдардан әкеліп сататын жігіттер бар еді, қолға түскеніне көп болмаған, кейде тірі балық әкеледі. Міне, солар сенімді. Қазір олар хабарсыз қалған соң амал жоқ, базардан алып жүрмін, – деді балық алушы.

Осы сәтте ауыл-ауылды шағын жүк көлігімен аралап жүріп балық сататын жігіттер еске түсті. Расымен-ақ. Бір кезде ол менің ойымды оқылғандай болып, бетіме қарды да:

– Қызылорданың балығы қайда деп ойланатын тұрсың ба? – деді.

Бұрын-соңды көрмеген адаммын осылайша ағытылып сала берді.

– Негізі мына тұрған балықтың көбі ортада айлап жүрген балықтар. Базарда жергілікті балық жоқ. Ол тұрғындардан артылмайды. Дағыстаннан Ресейге, Ресейден бізге келеді. Бір күнде өтіп келе қоймайды, мұздатқыштан алып сата береді. Ал Аралдың балығы шетел асып жатыр. Олар доллармен бағаланатын жоғары сұрыптың қатарында. Бізге осы айналадағы көлдің балығы-ақ жетеді. Олар тікелей осында базарға әкеліпін десе, бұллар бағаны жерге ұрады. Амалсыз, үй-үйді аралап, өздері сатады, – деді балық жайын біраз білетінін байқатып.

Мүмкін, рас шығар. Бірақ шындыққа жанасатын тұстары да көп сияқты. Айтылмайтын ақиқат ауызда қалып тұрған заман ғой. «Жігіттің жақсысы саудаман айналысады» деген пайғамбар сөзі ойға келді. Айтпақшы, бір мықты кісінің «Дүниені білген алданбайды, ақыретті білген алдамайды» деген сөзі бар еді... Бәлкім, сол дүниені білмегеннен алданып жүрген шығармыз.

Балықтың кепіеті қатты

«Ысырапқа жол берме» деп айтатын үлкендеріміздің сөзі көлдің жағасына шығып қалған өлі балықтарды еске салды. Осы сұға тоқ салудың енді белең алып жатқан тұсы еді. Ауылдың ортасындағы көлдің жағасына балық атаулы қалтқы тәртізді қалқып шыға келді. Көпке дейін біз балық бір дертке ұшыраған екен деп, көлдің жағасына бармай қойдық. Кейіннен бұл броконьерлердің әккі айласы екенін

ТҮЙІН.

Иә, балық бағасы шарықтап кету себебін жан-жақтан іздеп көрдік. Айтпақшы, уылдырықтан пайда болған 100 пайыз балықтың тек 10 пайызы ғана 1 келі салмаққа жетеді. Қалған оннан тоғыз бөлігі жұртқышқа жем болады немесе басқа жағдайларда құриды. Ал сол балық 1 келі салмаққа жету үшін кемінде 4-5 жыл уақыт керек екен. Бұл ретте мәселе шаш етекпен. Дегенмен түйінін айту көзі қарақты оқырманның өз енішінде. Сіз не дейсіз?!

естігенде апырмай дескеніміз бар. Жоғарыда Темірбек Қожановтың басынан өткен мұндай оқиғаға сан мәрте куә болғанбыз. Бірақ балықты қынадай қырғанның осы кезде төрт құбыласы түгел дегенге сенсе алмайды екен.

– Бір оқиғаны айтып берейін. Андып жүріп, біз көлдің басынан кете салысымен, балықты тоқпен аулаған бір кісіні танимын. Бір күні ұсталды. Араға әлдекімдер түсіп, кешірім алған. Сол азамат көп ұзамай үйінде отырып, жүрегі ұстап қайтыс болды. Табиғат адамзат баласына бәрін дайын етіп ұсынады, бірақ біз қажетімізді ғана алуымыз керек. Шамадан тыс қыру болашақта балықты түп тамырымен жоюға әкеледі. Бұл ұғым тек балыққа ғана қатысты емес, жанды нәрсенің барлығының кепіеті бар. Осы ұмытпаған абзал, – деді балықшы ағай.

Талапты орындамайтындар да бар

Қазір көл иеленушілерге қойылар талап та жоғары. «Есілдің бойы ең тоғай, ел қондырса деп едім» деп Махамбет жырлағандай, елді мекендердің сыртында жатқан көлдерді «өйтпем де, бүйтпем, қара қойдың басын үйітем» деп, суретпен Бұрабай етіп көрсететіндер көп. Бірақ іске келгенде тек балығын өсіруді де білмейді. Бар болғаны, табиғаттың өз күшімен көбейген балығын сатып тауысады да, көлді тастанды етіп кете барады. Осылайша көл деген статусынан айырылып, Аралдың кепкен табанындай болғандар қаншама?! Міне, мекені жойылған соң балық та жоқ болады ғой... Айтпақшы, Арал туралы айтып қалдық қой, Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов өткен жылдан бері Арал теңізінің балықтары жаппай қырылудың алдында тұрғанын айтып дабыл қағуда.

– Қазіргі кезде Солтүстік Арал теңізінің тартылу жағдайы өңір халқын қатты алаңдатып отыр. Кейінгі 12 жыл ішінде теңіз көлемі 8,5 млрд текше метрге азайған. Яғни үштен бірінен айырылды. Суы тартылған теңіздің орнынан көтерілген тұз бүкіл Орталық Азия елдеріне зиянын тигізетін экологиялық апатқа айналды. Салдарынан судың тұздылығы 8-ден 13 грамм/литрге артқан. Ал егер судың тұздылығы 15 грамм/литрге жетсе, балық жаппай қырыла бастайды. 2020-2021 жылдары Арал ауданының аумағында қуаңшылық белең алып, 95 пайыз жайылымға шөп шықпай, жауын-шашын мүлдем болмаған. Оның үстіне, теңізге Сырдария өзені арқылы құятын су көлемі күрт азайды, – деді Мархабат Жайымбетов депутаттық сауалында.

Дәулет ҚЫРДАН

Сурет ашық дереккөзден

ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕНДЕ БАҒА АРЗАНДАДЫ, БАЗАРДА ШЕ?





«БІЗГЕ АСФАЛЬТ КЕРЕК»

дейді ақсуаттық тұрғындар

Елді мекенде мұнан бөлек, электр энергиясы да түйінді түйтілге айналған. Тұрғындар өз қолымен тұрғызылған бағаналарды пайдаланып отыр. Бірақ үй саны артқаннан кейін тоқтын көрнеуі де жеткіліксіз болып тұр. Аяқсу мәселесі де есік алдын көтеруге кедергі болып тұр екен.

– Мына электр бағаналарын қран жалдап, қолдап тұрғыздық. Сымды да құрау-құрау. Сондықтан үйге қажетті мөлшердегі электр энергиясын ала алмаймыз. Күйіп, қирап жатқан тұрмыстық техникаларды айтпай-ақ қояйық. Трансформатор көнерген. Ал аяқсу көшенің ортасына дейін келеді, бізге қарай жолы бөгеліп қалған, – дейді тұрғын Серік Момынов.

Халықтың жанайқайын тыңдауға бізбен бірге ауыл әкімі Нұрболат Бақыт та барды. Халыққа қолайлы жағдай жасау үшін қолдан келгенін аябаймын деген әкім алдағы жұмыс жоспарын айтты.

– Өтіншітеріңіз орынды. Алдағы уақытта басты жолдарды бірінші кезекте жөндейміз. Ауылдың аумағы кеңейгенін өздеріңіз де көріп отырсыздар. Жыл аяғына дейін құжаттарын дайындап, осы көшеге асфальт төсеуді қолға аламыз. Бұл аумақ бұрынғы саяжай болғандықтан қоғамдық көлікке жолдары да тарлық етуде. Барлық мәселені де шешуге талаптаным жатырмыз. Мына көшенің екінші басындағы басты жолды асфальттап, қоғамдық көліктің бірін осы бағытқа шығарамыз. Барлық мәселені бір күнде шешіп тастау мүмкін емес. Сондықтан бірлесіп

жұмыс істеуге шақырамын, – деді халқын іздеп келген әкім.

Аяқсу мәселесіне байланысты дереу іске кірісетінін, күн ұзатпай шешілетінін айтқан әкім бұл бағытта да мәселенің шешімін айтты.

– Аяқсу келетін канал ешкімнің заңдастырылған жері емес. Келіп тұрған судың жолын бөгейтін болса, қоршауларын алдырып, каналды бөлек қалдырамыз. Заң бойынша, осылай істеледі. Бұл мәселеге қам жеңеңдер. Қызметкерлермен шығып, аралап, жағдайды бір қалыпқа келтіреміз. Электр энергиясына байланысты да атқарылар ауқымды жұмыстар бар, – деді Нұрболат Бақытұлы.

Жаңарып келе жатқан елді мекенде биыл «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 600 орындық білім ошағының да қазығы қағылды. Елді мекеннің қай тұсы да елеусіз қалмайды. Ауыл әкімі халықтың әрбірінші мәселесін шешуге атсалысатынын, елге қызмет ететінін баса айтты. Әсіресе мекенжайы жылжып кетіп, үйі мен жерінің құжатын қайта рәсімдеуге тура келіп тұрған тұрғындарға да қолдау көрсететінін жеткізді.

– Мекенжайларыңыздың жылжып кетуі де халықтың кінәсі емес. Бұл арнайы бағдарлама бойынша жұмыс істейтін мекеменің жұмысы. Ол үшін халық шығындалмау керек. Тұрғындардың не кінәсі бар? Біз жауапты мекемеге хат жазып, мән-жайды анықтаймыз. Барынша халыққа тиімді жолмен шешілу керек, – деді ауыл әкімі.

Елді мекендегі мәселені басынылыққа жеткізіп, халық пен билік арасына алтын көпір, дәнекер болар, әрине, депутат.

Ақсуат ауылынан қалалық мәслихат депутаты болып сайланған азамат Мейрамбек Есжанов бұл мәселелерден хабардар екенін жеткізді.

– Өзім осы ауылдың тұрғынымын. Алпыс жылдан бері топырағына аунап-қунап өскен туған жерімнің дамуы мен үшін бәрінен қымбат. Сондықтан әрбір сессия сайын елдегі мәселелерді шешуге атсалысып, депутаттық сауал жолдап жүрмін. Айтудың айтпай жатырмыз, бірақ барлық мәселе бір күнде шешіле қояды деу қисынға келмес. Бізде ең өзекті болып отырған сол шеткі бөліктердегі жаңадан қоныстанған аймақтар. Басымдықты осы бағытқа бөлуеміз. Егер құжаты дайындалып, тиісті бөлімге ұсынылып жатса, ары қарай біз міндетті түрде қолдау көрсетеміз, – дейді халық қалаулысы.

Бүгінде Наурыз елді мекені арқылы Ақсуат ауылдық округіне кіретін басты жолдардың да тарлығынан болып жатқан жол-көлік оқиғалары да аз емес. Ауыл әкімі бұл мәселені шешу жолдары қарастырылып жатқанын айтты. Көлік қатынасының күре тамыры дерлік жолдардың барлығын кеңейту, оны жөндеу басты назарда екенін жеткізген ауыл әкімі халықтың алдында өзінің уәдесін беріп, тарасты. Ал мұндай мәселенің әрбір біздің назарымызда болып, басылардың уәдесін халықтың көзінше алу – біздің де негізгі ұстанымдарымыздың бірі.

Дәулет ҚЫРДАН

Суреттерді түсірген Нұрболат Нұржаубай

Басы 1-бетте

Қанибек СӘДУАҚАСҰЛЫ шебер:

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМ ӘКЕМНІҢ ҰСТАХАНАСЫНДА ӨТТІ

Атадан-балаға жалғасқан қолөнерді бүгінгі күнге дейін жеткізген шебер

Қанибек Сәдуақасұлы темірден түйін түйеді, ағаштан түрлі бұйымдар жасайды.

Шебердің бойындағы бұл қасиет арғы атасы Бекпенбеттен бері жалғасып келеді. Атасы Баймахан да, әкесі Сәдуақас ұста болған кісі екен. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өнерді дамытқан Қанибек аға кезінде ұсталық кәсіптен біршама уақыт қол үзін қалады.

– Балалық шағым әкемнің ұстаханасында өтті. Оның темірден түйін түйіп, ағаш жонып тұрмысқа қажетті дүниелерді жасағанын көріп өстім. Темірді қыздыру үшін көрік басу менің жұмысым болатын. Кейін әкемнің көрсетуімен темірді қақтап, сомдап та жүрдім. Осылайша әкемнің ұстазыммен ұсталықтың қыр-сырын үйрендім, – дейді ол.

Шебер Қармақшы ауданы, Ирқол ауылында дүниеге келген. Отбасында әкенің ұсталығы ғана емес, анасының шеберлігі де бала Қанибекке өнеге болған. Анасы Жұмақұл де ісмер болған.

Колөнер шебері алғашқы еңбек жолын туған жерінде суретші-бездендіруші болудан бастаған. Өз ісіне мығым, әр іске жауапкершілікпен қарайтын ол



әр салада абыройлы қызмет етті. Кейін аудандағы тұрмыс қажетін өтеу мекемесінде суретшілер шеберханасын басқарды. Ол халқымыздың ұлттық өнерін дәріптеп, өскелең ұрпақты баулуға 1987 жылы Қармақшы ауданында «Мұрагер» кооперативін ашады. Онда сандық, ер-тұрман сынды тұрмысқа қажетті бұйымдарды жасады. Оған қоса жастарға ата салтын үйретіп, ұсталыққа баулыды. Бұдан кейін де бірнеше қызметті абыроймен атқарып, зейнетке шықты.

– Қызмет бабымен жүріп 10 жылдай колөнерден қол үзін қалдым. Зейнетке шыққан соң атакәсіпті қайта жалғастырдым жөн көрдім. 2016 жылы колөнер бұйымдарын жасауды қолға алдым. Есік алдында

шағын шеберханам бар. Сонда отырып күнделікті қолдануға қажетті түрлі бұйымдар жасаймын. 2017 жылы Астана қаласындағы «Экспо» көрмесіне қатыстым. Онда көрмеге келуші шетелдік туристер біздің ұлттық бұйымдарға қызығушылық танытып, қадесый ретінде сатып алды. Жалпы колөнер бұйымдарына қызығушылық та, сұраныс та басым. Кейде жасаған бұйымдарыма қызықандар жоғары баға беріп, сатып алады. Ұлттық өнерді бағалайтындыр баршылық, – дейді шебер бізбен әңгімесінде.

Иә, шебердің сөзінің жаны бар. Ұлттық өнер қашанда құнды. Сондықтан оның қадірін білетіндер жоғары бағалайды. Бір қуанарлығы,

соңғы жылдары елімізде ұлттық бұйымдарға сұраныс артқан. Қазір той-жыныда, іскерлік кездесу, мерекелік кештерде қонақтарға ұлттық нақыштағы қадесый беру үрдісі қалыптасқан. Колөнер шебері ағаш астауға тапсырыс көп екенін жеткізді. Қанша дегенмен базар мерейтойларға қәделі сый жасау үшін арнайы тапсырыс береді. Мұндай туындылардың бағасы да қымбат болады.

Кейіпкерімізді арнайы іздеп келетіндер көп. Ондағысы үлкен мерейтойларға қәделі сый жасау үшін арнайы тапсырыс береді. Мұндай туындылардың бағасы да қымбат болады.


«Шебердің қолы ортақ» демекші, кейіпкеріміздің шеберханасына ұсталықты үйренгісі келетін оқушылар көп келеді екен. Олардың алды оқу бітірсе, сабақтан соң осында келіп колөнершіге көмектесетіндері де бар. Ұрпақтар сабақтасығындағы ұлттық өнердің қайта түлеуі бәлкім, осы болар.

Колөнерші Қанибек Сәдуақасұлының ұлттық өнерді түлетуегі еңбегі зор. Оның бұл ісі елеусіз қалған емес. Ұлттық өнерді дамытуға қосқан үлесі үшін бірнеше мәрте марапат пен алғысқа ие болды. Халықаралық колөнершілер одағының мүшесі, Қызылорда облысының құрметті ардагері, Қазақстанның еңбек ардагері атанған.

А.ӘЛІМ



Меншік ісін:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



КҮМӘНДІ САЙЛАУ ҒАМ КҮДІКТІ ТЕРАКТ

Ескертуді елемеу немесе Орталық Азия алаңы

150 адамның өмірін жалмаған Ресейдегі теракт – наурыз айындағы айтулы жаңалық. Тақырып аясында ақпарат ағынын аңдасақ, түрлі бағытта болжам мен таласты байқауға болады. Бірі АҚШ барлау қызметінің ескертуге құлақ аспаған Ресей билігін кінәласа, енді бірі мобилизация үшін жасалған әрекетке балайды. Арасында конспирологиялық ұстанымға беріліп, мұның ондаған жыл алдын ала жоспарланған қадам екеніне сенетіндер де шықты. Қалай болсын, қанды оқиға ақпарат кеңістігін дүр сілкіндіргені анық.



Сөзсіз, алғашқы тармақ болжамнан тарайды. Яғни, АҚШ, Ұлыбритания бірнеше апта бұрын террорлық акт болуы мүмкін екенін Ресейге хабарлаған. Батыс елдері БАҚ арқылы қарсы тарапқа барлау мәліметтері мен дереккөздерді жеткізгенін хабарлап, алда жүзеге асатын қанды оқиғаға қатысы жоғын аңғартты. Қызығы сол, Ресей билігі бұл мәліметтерге құлақ аспай, Путиннің өзі мұны «батыс елдерінің қоғамға іріткі салуы» деп бағалаған еді.

Алайда апта өтпей «Крокус Сити Холл» ғимаратындағы қан-қасап ұстанымның бұрыс екенін көрсетті. Мұндай қаруланған топ көзіне түскенді жайратып, жолындағыны атумен болған. Бірнеше сағаттан кейін ғана күштік құрылымдар күдікті ретінде Тәжікстан азаматтарын ұстау түсірді. Ізін ала содылар әрекетін ДАИШ қолға (Қазақстанда тыйым салынған экстремистік топ) мойнына алғаны анықталды.

«Төгілген қан, жан сауғалаған адамдар. Мұның бәрі бейнежазбаға түсіп, желіде таралды. Сарапшылар сөзіне, бұл бірнеше апта бұрын теракт болуы мүмкін деген ақпаратты жоққа шығарған Путиннің абыройына нұқсан келтірді. Әрі оның жаңадан сайланғанына апта да толған жоқ-тын. Сондықтан барлау қызметінің қатердің алдын ала алмауы, АҚШ ескертуге құлақ аспауы тым күдікті», – деді CNN арнасы.

Расында, АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік кеңесінің баспасөз хатшысы Адриенна Уотсон ресейлік барлау қызметіне мәлімет жолдағанын бірнеше мәрте айтқан болатын. Батыс елдерінің Путиннің мұндай қадамына үрке қарауының мәні де сол.

Тіпті кей басылым мұны жергілікті биліктің кезекті саяси ойыны деп бағалауда. Ұлыбританиялық The Telegraph басылымының өкілі Роланд Олифант соңғы терактпен мәндес оқиғаларды сараптай келе «2002 жылы шешен содыларын теракт жасап, Мәскеуде кепілге алам ұстаған болатын. Ол екінші шешен соғысын тоқтатуды талап еткен. Сол кезде күштік құрылымның қате қадамынан көптеген кепілдегі азамат көз жұмды. Міне, бұл жолғы қылмыс исламистік содылардың Орталық Азия мен Ресейдегі мұсылман қауымға ықпал етуге ниетті екенін білдіруде», – деген ой айтады.

Қиыны, теракт орын алғаннан кейін шекара мен маңызды нысандарға Орталық Азия елдерінің азаматтарына тексеріс күшейген. Салдарынан Ресейде жұмыс істейтін өзбек, қырғыз, қазақтар шекарада апталап жатып, тыңғылықты тексерістен өтуде. Ресей қоғамында да қарсылық туындап, Орталық Азия елдерінің өкілдерінің қызметінен бас тарту көбейді. Бұл өз кезегінде еңбек дағдарысын тудырып, көршілес елдердің экономикасына салмақ түсіруі ықтимал. Мәселен, Өзбекстан елінің экономикасында сырттағы азаматтардың елге жіберетін ақшасы шешуші рөл ойнайды.

Соңғы жаңалық – Татарстандағы жарылыс. Украина тарапы Татарстанның «Алабұға» деп аталатын арнайы экономикалық аймағына қамқалдақ дрондар арқылы соққы жасады. Әлеуметтік желіде тараған видеода шабуылға жарылыс қуаты күшті дрондар қолданылғанын көруге болады. Татарстанның «Алабұғасында» орналасқан «Shahed» дрондарын құрастыратын зауыт болған.

Бұл нысан Украина шекарасынан 1000 шыққырым қашықта жатыр. Мамандар Украинаның мұнда алыстағы нысанды атқылау олардың жаңа соғыс стратегиясын құрып, жаңа шабуыл барысына көшкенін білдіреді деген пікірде.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Ерсін ШАМШАДИН



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сар медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2901 Тапсырыс №539

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтоқын НҮРҰЛЫБАЙ